

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2025 жылғы 28 мамырда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Бүгін біз, Ауыл партиясы фракциясының депутаттары «Көкөніс-жеміс өнімдерін импорттау маусымының басталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы фитосанитариялық жағдай туралы» маңызды мәселеге назар аударғымыз келеді.

2025 жылдың басынан бері фитосанитариялық бақылау органдары **карантиндік объектілермен залалданған 150-ден астам заң бұзушылықты** анықтады.

Олардың ішінде аса қауіпті зиянкестер — батыс гүл трипсі, оңтүстік америкалық қызанақ көбелегі, шығыс жеміс көбелегі және басқа ауру түрлері бар. Бұл заң бұзушылықтар, негізінен, Ресейден, Ираннан, Өзбекстан мен Қытайдан келетін өнімдерде тіркелуде.

2024 жылы Ресейдің Рос сельхознадзор деректері бойынша Қазақстаннан экспортталатын өнімдерде залалдану оқиғалары 2023 жылмен салыстырғанда **4 есеге көбейген.**

Соның салдарынан біздің өнімдерімізге экспорттық шектеулер қойылды.

Бұл жағдай еліміздің аграрлық экспортшы ретіндегі беделіне нұқсан келтіріп, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге айтарлықтай экономикалық зиян келтіруде.

Бүгінде фитосанитариялық қауіптің ушығуына **бірнеше фактор** себеп болып отыр. Ең бастысы — мемлекеттік органдар арасындағы үйлестірудің жеткіліксіздігі, шекарадағы бақылаудың жүйесіздігі, сондай-ақ сауда серіктестерінің біздің фитосанитариялық сертификаттарға деген сенімінің төмендігі. Осы жағдай, жалпы, ауыл шаруашылығына, оның ішінде жылыжайлар мен бақтарға қауіпті зиянкестердің таралуына, өнімділіктің төмендеуіне, зиянкестермен күреске жұмсалатын шығындарының өсуіне және экспорттық нарықтан айырылу қатеріне әкеліп отыр. Сонымен бірге, бұл жалпы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретіндігін түсінуіміз қажет.

Мәселенің тағы бір маңызды жағы — фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыратын жүйедегі кемшіліктер. Құжаттарды бұрмалауға жол беретін, жалған компаниялардың қызметіне мүмкіндік туғызатын тиімді бақылау жүйесі жоқ. Зертханалардың, әсіресе, шекаралас аймақтардағы зертханалардың, техникалық жабдықталуы нашар. Ал әкімшілік жауапкершілік тым төмен — айыппұлдар 20, 30, 40 айлық есептік көрсеткіштер деңгейінде ғана, бұл аса маңызды саланың қауіп-қатерлеріне сай келмейтіні айдан анық. Айыппұлдың тиімділігі мен пәрменділігін қайта қарау, айыппұл мөлшерін экспорттық және импорттық көлемге, сондай-ақ зиянның ауқымына қарай күрделендірілген жүйені енгізу — заңның орындалуын қамтамасыз етуге септігін тигізеді деп есептейміз.

Өкінішке орай, осы жағдайлардың туындауында ауыл шаруашылығы министрлігінің тиімсіз жұмысы мен кешенді бақылаудың жоқтығы себеп болып отыр. Қабылданып жатқан шаралар жеткіліксіз, нақты бақылау мен үйлестіру жоқтың қасы. Шекаралық фитосанитариялық тексерулер мен карантиндік бақылау жүйесі әлсіз, сондықтан өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілмейді.

Сонымен бірге, министрліктің тиісті құрылымдары арасындағы өзара іс-қимыл мен ақпарат алмасу жүйесі нашар дамыған. Бұл мәселе бақылаудың тиімділігін төмендетіп, карантиндік зиянкестердің елімізге енуіне жол береді.

Министрлік тарапынан нормативтік құқықтық база жаңартылмай, заманауи халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін жағдайда болып отыр.

Бұл саладағы инновация мен цифрландырудың баяу енгізілуі қызмет көрсету сапасын төмендетіп жіберді.

Фитосанитариялық бақылау саласындағы инспекторлардың кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған жүйелі шаралардың болмауы, олардың материалдық-техникалық жабдықталуының төмендігі де мәселені ушықтыруда.

Тағы бір маңызды мәселе – осы саладағы ғылымның жағдайы. Ғылыми әлеует бар, тиісті зерттеу институттары да бар, бірақ ғылым мен тәжірибе арасындағы байланыс әлсіз, әрі импорттық фитосанитарлық бақылауды ғылыми негізде қолдауға бағытталған арнайы бағдарламалар жоқ.

Халықаралық тәжірибеге тоқталсақ, Дүниежүзілік сауда ұйымы мен Өсімдіктерді қорғау жөніндегі халықаралық конвенция - тиімді фитосанитариялық жүйе құруға мүмкіндік береді. Сол сияқты АҚШ-тың электрондық фитосанитариялық сертификаттау жүйесі біздің жүйемізге үлгі бола алады. Бұл жүйе жалған сертификаттарды жоюға, жеткізілімді толық бақылауға және импорттаушылардың сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

Осы орайда, келесі шараларды қабылдау қажеттілігін атап көрсетеміз:

біріншіден, фитосанитариялық зертханалар мен бақылау бекеттерін, әсіресе, оңтүстік және шығыс өңірлерде жаңғырту;

екіншіден, сертификаттардың цифрлық қадағалау жүйесін енгізу;

үшіншіден, инспекторлардың біліктілігін халықаралық сарапшылардың көмегімен арттыру;

төртіншіден, ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды ұлғайтып, қолданбалы ғылымды фитосанитарлық бақылауды интеграциялау;

бесіншіден, әкімшілік жауапкершілікті күшейтіп, айыппұлдардың деңгейін айтарлықтай көтеру;

алтыншыдан, фитосанитарлық тәуекелі жоғары елдерден келетін импортқа квота мен уақытша шектеулер қоюды қолға алу;

жетіншіден, фитосанитарлық қауіптер туралы екіжақты мемлекеттік ақпарат алмасу және мемлекетаралық бақылауды күшейту.

Бұл шаралар елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ауыл шаруашылығы жерлерін қорғау үшін және экспорттық нарықтардағы беделді сақтау үшін өте маңызды болмақ.

Құрметті Олжас Абайұлы, еліміздің ауыл шаруашылығы мен азық-түлік қауіпсіздігін қорғау — біздің ортақ парызымыз. Сондықтан осы мәселені егжей-

тегжейлі қарап, шұғыл түрде тиісті шешімдер қабылдап, осы сауалға жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

«Ауыл» партиясы»

фракциясының депутаттары

Е. Саурықов

С. Егізбаев

Қ. Абден

Н. Арсютин

А. Баққожаев

Ж. Дайрабаев

А. Зейнуллин

Т. Серіков

✍ А.Байжанова

☎ 74-63-92